

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.І, Ч.1. - Б.171-172

АСБҰРШАҚ DAҚЫЛЫНЫҢ ӨCІРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Мажринова Б.О.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында бұршақ дақылдарының алар орны ерекше. Себебі бұл дақылдар ақуыз мәселесін шешумен қатар топырақты азотқа байытуға таптырмас тыңайтқыш болып табылады [1].

Елімізде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №151 Қаулысымен бекітілген «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес мал шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығы дақылдарын диверсификацияландыру маңызды орында. Бұл жоғары ақуызды дақылдар өндірісінің, әсіресе асбұршақ өндірісінің ұлғаюын талап етеді[2].

Біздің елімізде соңғы жылдары орта есеппен жыл сайын дәнді бұршақ дақылдары 36,2 мың/га егістік жерлерде өсірілді және астық өнімі 11,0 ц/га болды. 2000 жылы Қазақстанда өсірілген дәнді бұршақ дақылдарының (57,4 мың/га) 80%-дан астамы асбұршақтың үлесінде болды. Оны азық-түліктік және мал азықтық дақыл ретінде өсіреді. Дәнді бұршақ дақылдарының егістік көлемі 2010 жылы 100 мың га құрады. Егістік алқаптарының ұлғаюы әсіресе Қазақстанның солтүстік облыстарында байқалады[3].

Асбұршақ – шырмалғыш немесе жер тағандап өсетін, біржылдық бұршаққапты өсімдік, асқа жасыл дәндері қолданылады. Асбұршақ + қоңырбастар тұқымдастар қоспаларын сүрлемге, жасыл балаусаға және пішенге өсіріледі. Асбұршақ ұнын малға құнарландырылған мал азығы ретінде пайдаланады. Асбұршақтың 1 кг тұқымында 1,17 азықтық өлшем және 180-240 г қорытылатын протеин, 12,5 г лизин, 1,7 г метионин, 0,2 г цистин және 1,5 г триптофан болады; 1 кг жасыл балаусасында 0,13 г азықтық өлшем, 25 г ақуыз бар, ал 1 кг сабанында тиісінше олар 0,23 және 31-ге тең [4].

Асбұршақ көптеген дақылдарға тамаша алғы дақыл, өйткені ол топырақта 50-70 кг/га дейін азот қалдырады. Оның тамыр жүйесі қиын еритін фосфаттарды еритетін қабілетімен ерекшеленеді. Оның сүрі танабын иеленетін және жасыл тыңайтқыш ретінде пайдаланылатын да маңызы айтарлықтай[5].

Асбұршақ біздің елімізде барлық дәнді бұршақ егістігінің 80%-дан астамында өсіріледі. Оны азық-түліктік және мал азықтық дақыл ретінде өсіреді. Асбұршақ дәнді бұршақ дақылдарының ішінде ең кең тарағаны, оны наубайхана өнеркәсібінде нанның ақуызының қоректілігін арттыру мақсатында бидай ұнына 10% ұнтақталған асбұршақ ұнын араластырады, нәтижесінде дәмдік, нандық сапасы жақсарады. Жамылғы дақыл ретінде 60:40 және 80:20 қатынаспен өсіруге болады. Сондықтан, асбұршақтың ауыспалы егіске қайта қосылып, сұранысқа ие дақылдардың бірі болатыны сөзсіз. Осыған орай, дақылдан тұрақты түрде жоғары өнім алуды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін құру, оның ішінде егістіктердің өсіру технологияларын жетілдіру – ғылымның басты мақсаты болып табылады. [6]

Асбұршақтың симбиотикалық және фотосинтетикалық белсенділігін анықтап, әр-түрлі өсіру технологияларындағы танаптың ластануын анықтап, сонымен қатар әр-түрлі өсіру технологияларының асбұршақ өнімділігі мен сапасына әсерін бақылап, асбұршақты өсіру технологияларына байланысты энергетикалық және экономикалық баға беріп, тиімді өсіру технологиясын пайдалану арқылы асбұршақ дақылының өсіру технологияларын жетілдіруге мүмкіндіктер бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Қ.М. Мұсынов, А.А. Қыпшақбаева, Б.Б. Базарбаев, З.Т.Тлеулина, Е.Л.Петров Солтүстік Қазақстан жағдайында дәнді бұршақ дақылдарының өнімі мен сапасы // С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық). 2015. - №1 (84). –Б.112-119.
2. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы
3. ҚР Президентінің 2003-2005 жылға арналған мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы, «Егегменді Қазақстан» 2002. - Б: - 14 -15.
4. Можаев Н.Н., Әрінов Қ.К., Нұрғалиев А.Н., Можаев А.Н. Өсімдік шаруашылығы - Ақмола, 1993. 152-155 бб
5. How many peas in a pod? Legume genes responsible for mutualistic symbioses underground Kouchi, H., Imaizumi-Anraku, H., Hayashi, M., (...), Suganuma, N., Kawaguchi, M. 2010 Plant and Cell Physiology 51(9), с. 1381-1397
6. Весенне – полевые работы в Акмолинской области в 2011 году. Рекомендации. – НПЦЗХ им. А.И. Бараева - Шортанды, 2011. - 57 с.
Ғылыми жетекші: Серекпаев Н.А., а.ш.ғ. докторы, профессор